

Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 20 қазандағы № 566-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 қазанда № 24864 болып тіркелді.

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-3-бабының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2021 жылғы 20 қазандағы
№ 566-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 21.09.2023 № 347-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Объектісі мен қолданылу саласы көрсетілген өлшемдер атауы	Метрологиялық талаптар		Ескертпе
		Өлшеу диапазоны	Шекті жол берілетін қателік немесе дәлдік сыныбы	
1	2	3	4	5
Өлшем бірлігін қамтамасыз ету және мемлекеттік метрологиялық бақылау саласында				
		0-ден 500 мм дейін	МЕМСТ 7502 "Металл өлшеуіш рулетка."	

1	Мемлекеттік Тудың геометриялық өлшемдерін өлшеу	0-ден 2000 мм дейін 0-ден 4000 мм дейін	Техникалық шарттар" бойынша 2 дәлдік сыныбы	
2	Мемлекеттік Елтаңбаның геометриялық өлшемдерін өлшеу	0-ден 1000 мм дейін 0-ден 3000 мм дейін	МЕМСТ 7502 "Металл өлшеуіш рулетка. Техникалық шарттар" бойынша 2 дәлдік сыныбы	
3	Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Ту үлгілерінің және Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Ту бейнеленген материалдық объектілердің немесе оның рәміздері элементтерінің түстілігін өлшеу	Шектеусіз	Т ү с координаттарын өлшеудің абсолютті қателігі ± 2 ; түс координаттары $\pm 0,02$	
4	Орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген түрдегі қаптамада өлшенген тауарлардың массасын өлшеу	Шектеусіз	Ө л ш е у құралдарының дәлдік сыныбы мен түріне байланысты	
5	Орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген түрдегі қаптамада өлшенген тауарлардың температурасын өлшеу	Минус 50 °C-ден 50 °C дейін	$\Delta = \pm 0,2 \text{ }^{\circ}\text{C}$	
6	Орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген түрдегі қаптамада өлшенген тауарлардың көлемін өлшеу	Шектеусіз	$s = \pm 0,1 \%$	
7	Орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген түрдегі қаптамада өлшенген тауарлардың ылғалдылығын өлшеу	20-дан 90 % дейін,	$s = \pm 0,5 \%$	
	Масса немесе көлем бірліктерімен көрсетілген кез		Массаны немесе көлемді өлшеуге	

8	келген түрдегі қаптамада өлшенген өнімдердің мөлшерін өлшеу	0-ден 15000 г (мл) дейін,	арналған құралдардың метрологиялық талаптарына сәйкес	
Сауда саласында				
9	Өндірілген және іске асырылатын өнімнің геометриялық параметрлерін өлшеу, олардың нәтижелері сатып алушы мен сатушы арасындағы сауда-коммерциялық операцияларда қолданылады	0-ден 50000 мм дейін	$\Delta = \pm (0,5 \div 1,5) \text{ мм}$ 5000 мм жоғары $s = \pm 2 \%$	
10	Сауда-коммерциялық операциялар кезінде қолданылатын тауар /өнімнің салмағын өлшеу	Шектеусіз	"Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Таразы автоматты әрекет емес" МЕМСТ OIML R 76-1 бойынша III дәлдік сыныбы	Ауылшаруашылық жәрмеңкелерде қатысатын тауарларды/ өнімдерді есепке алмағанда

Ескертпе. Негізгі қолданылатын қысқартулар:

мм – миллиметр;

г – грамм;

мл – миллилитр;

°C – градус